

Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 70 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 сәуірде № 4286 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 4 мамырдағы № 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 04.05.2016 № 145 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабаның, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-2), 5-5) , 5-6) тармақшаларына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының жалпы санының:
 - 1) мүгедектер үшін үш пайыз мөлшерінде;
 - 2) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.
2. "Қобда аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын .
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Елеусіноваға жүктелсін.
4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Жүсібалиев